

Үндестік заңы. Жалғаулар мен қосымшалардың үндестік заңына сәйкес жалғану ерекшеліктері және үлесі.

Үндестік заңының екі түрі бар:

- 1) **буын үндестігі;**
- 2) **дыбыс үндестігі.**

Буын үндестігі - сөз ішіндегі, сөз бен қосымша арасындағы дауыстылардың не бірыңғай жуан, не жіңішке болып айтылу заңдылығы. Буын үндестігін ғылымда *сингармонизм* заңы деп те атайды. Қазақ тілінде сөздер бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып келеді. Кейбір жағдайларда жуан және жіңішке дыбыстар аралас келеді. Бұл мұндай жағдайларда:

1. Басқа тілден енген сөздер (*кітап, қадір, мұғалім* т.б.).
2. Біріккен сөздер (*бойжеткен, баспасөз* т.б.).
3. Қос сөздер (*қыз келіншек, жоғары-төмен* т.б.).

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар

Қазақ тілінде осы қосымшалардың бір тобы соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарамастан, не жуан, не жіңішке қалпында қосылады.

1. Көмектес септік жалғаулары: **-мен, -бен, -пен** (*доп-пен, дос-пен* т.б.)
2. **-нікі, -дікі, -тікі** (*апам-дікі, қойшы-нікі*)
3. **-жаң, -тай, -тал, -дар, -еке, -тар** (*аға-жан, шеше-тай, білім-дар, ата-еке, сезім-тал* т.б.)
4. **-хана, -стан, -кент, -күнем** (*дәрі-хана, Пәкі-стан, Шым-кент, пайда-күнем* т.б.)
5. **-кер, -гер, -қор, -паз, -қой, -ғой, -гөй, -кеш -уар** (*қалам-гер, пәле-қор, өнер-паз, кәсіп-қой, кіре-кеш, сөз-уар* т.б.)
6. **-ов, -ев, -ин** (*Сейсенбеков-тің, Алмабаев-тың*). Мұнда қосымша түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады.
7. Қазақ тілінде басқа тілден енген сөз алдынан қосылатын **бей-, би-** қосымшалары да үндестік заңына бағынбайды (*бей-берекет, бей-шара, бей-тарап* т.б.)